

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

ГҮЛТАС САЙЫНҚЫЗЫ ҚҰРМАНБАЙ

СӨЗТӘРБИЕ

(МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ТАҒЫЛЫМЫ)

АСТАНА, 2011

Халқымыздың асыл мұрасы мақал-мәтелдерді сақтау, кейінгі ұрпаққа аманаттау – ұстаздың ғана емес, барша қауымның ата-бабалар алдындағы парызы. Автор бұл еңбегінде өзі дәріс беретін студенттерге, атап айтқанда, қазақ тілінен практикалық сабақта қолданып жүрген мақал-мәтелдерін және ол мақал-мәтелдерді өмірде қолдануға септігін тигізетін сұрақ-тапсырмаларды ұсынған.

Еңбек мектеп оқушыларына, студенттерге, ұстаздар мен ата-аналарға, жалпы оқырман қауымға арналады.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ.

Автордан

Бүгінгі Қазақстан – адамдардың халықаралық қарым-қатынасы мен ақпарат алмасуына шекарасы ашық, дүниежүзілік саяси-әлеуметтік, экономикалық ықпалдастық шараларына белсене араласатын демократиялық және зайырлы мемлекет. Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан біздің еліміз қазірдің өзінде Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің, ірі діни конфессиялар мен әр түрлі саяси көзқарастар арасындағы бейбіт сұхбаттың алтын көпіріне айналып, жаһандану мен бүкіләлемдік рухани жақындасу үдерісінің асау иіріміне тартыла бастады. Қазақстанның жер қойнауының табиғи шикізаттарға байлығы, әлемдік ірі державалардың геосаяси және геэкономикалық мүдделерінің дәл осы аймаққа тоғыса шоғырлануы болашақта біздің елімізді жаһандану үдерісінің қазанында қайнатып, дүниежүзілік ақпарат және тасымал жүйесінің маңызды буыны жасауы әбден ықтимал. Әрине, біз, қазақстандықтар, әр түрлі саяси, діни, мәдени, экономикалық көзқарастар мен мүдделер арасында бейбіт сұхбаттың, өзара келісім орнағанын қалаймыз. Алайда, еліміздің барлық мүдделер қақтығысын бейбіт жолмен шешуді жақтайтын гуманистік саясаты мен халқымыздың бойындағы қонақжайлық біздің өз ұлттық мүддеміз жоқ дегенді білдірмейді. Қазақстанның мемлекеттік және аймақтық қауіпсіздігі, ішкі рухани келісімнің бұзылмауы – көздің қарашығындай қорғайтын құндылықтарымыз. Білімі мен білігі жағынан шетелдердегі замандастарымен бәсекеде жеңілмейтін, сонымен қатар, бойында ұлттық ділі сақталған, отаншылдық рухы кемел қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі туындауда. Тек осындай ұрпақ қана еліміз мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласартпай, жаһандану деп аталатын үдерістің теріс ықпалын бойына дарытпай, әлемдік даму көшіне ілеспек. Жас ұрпақ Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген болып өсіп жетілуі қажет. Жастардың бойында ұлттық дүниетаным мен діл мәйегін сіңіріп, оларды нағыз отаншылдық рухта тәрбиелеп өсіруге қажетті қазіргі заманғы оқу құралдары мен технологиялары жасалуға тиіс. Теңіз тамшыдан құралатыны сияқты жас ұрпақтың елжандылық сезімінің қалыптасуына осы бір дидактикалық құралдың пайдасы болар деп ойлаймыз.

100 мақал-мәтелдің сырын ашайық

1. Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.

Сөзді дұрыс сөйлеу де, сөзді дұрыс түсіну де өте маңызды. Адамдардың қарым-қатынасының баянды болмағы, бір-бірін түсінуі, жұмыстың алға басуы – сөзге байланысты. Орынсыз сөзді айтып, адам жанын қатты жаралап алу да оңай. Орынды айтылған сөз, біріншіден, өзіңіздің беделіңізді арттырады, екіншіден басқа адамдардың ар-намысына тимей, олармен жақсы қарым-қатынастың негізін салуға көмектеседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Қадір сөзінің синонимдерін айтыңыз.
- 2) Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданып сөйлеңіз.
- 3) Осы мақалға ұқсас мақалды білесіз бе? Немесе өзіңіздің ой-тұжырымыңызды қанатты сөз түрінде жазып көріңіз. Мысалы, «Ата-ананың қадірін – балалы болғанда білесіз», «Туған жердің қадірін ...»

2. Халқын сүйген – салтын да сүйеді.

Әр халықтың өзінің салт-дәстүрі, сенім-нанымы болады. Ол – халықтың көне тарихымен бірге жасасып, озығы қалып, тозығы ескіріп ұмытылып жатады. Салт-дәстүрі жоқ ел болмайды. Қандай ел болмасын өз халқының салт-дәстүрін сыйлайды, құрметтейді. Халық арасында мынадай аңыз бар: Ертеде, біздің дәуірімізге дейінгі заманда біздің ата-бабаларымызды жау шауып ала алмапты. Әскери дағдылары дамығаны сонша жау әскері ортаға келгенше тиіспей тұрады екен де, олар ортаға келгенде жан-жағынан шабуылдайтын көрінеді. Сонда түріктердің салт-дәстүрін жақсы білетін бір азғын, жаудың әскер басына: «Түріктер ата-бабаларының аруақтарын қатты қадірлейді, егер ата-бабаларының бейітін талқандасаңыз, бүкіл түрік сонда жиналады. Сол кезде соғыса аласыз» депті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіз?
- 2) Халық пен салттың қандай байланысы бар?
- 3) Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданыңыз. Мысалы, шетелдік қонаққа қазақ дәстүрі бойынша қойдың басын қойдыңыз...

3. «Үйдің жылы, суығын Қыс түскенде білерсің. Кімнің алыс-жақынын Іс түскенде білерсің»

Халқымыз «Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз» демекші, адам баласының басынан небір күндер, әр түрлі жағдайлар өтеді. Жақсы күнде

жаныңнан табылатын жақындарды, басыңа қиындық түскен кезде іздеп таппай қаласың. Ал қиындықта қасыңыздан табылған, қол ұшын беріп көмектескен адам – сіздің адал досыңыз. Сондай достарыңыздан айырылып қалып жүрмеңіз. Халық даналығы қарапайым үйіңіздің жылы болғанын да, адамдарды тани білуді де үйретеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Мұндағы негізгі айтылмақ ой не? Үйдің жылы, суығы ма?
- 2) «Іс түскен» деген сөз тіркесін қалай түсінесіз?
- 3) Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданыңыз.

**4. «Ата - асқар тау,
Ана - бауырындағы бұлақ,
Бала - жағасындағы құрақ»**

Біздің халық көбінде ер азаматты асқар тауға балайды. Ол – ер азаматқа деген сенім, құрмет. Осы мақалда да сол ойды меңзеп тұрғаны анық. Ананы суға, бұлаққа теңеуде де үлкен мән бар. Сусыз тіршілік бола ма? Құраққа теңеген бала асқар таудың етегінде болса, бұлақтан нәр алса, ол тамаша болып өспей ме? Ақылды, берекелі ата-ананың балалары да өз әкешесіндей ақылды, көргенді, адамгершілігі, кісілігі мол болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Осы мақалға ұқсас өзіңіздің қанатты сөзіңізді жазыңыз.
- 2) Мақалды қолданып, шешендік сөз үлгісінде монолог жасаңыз.
- 3) Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданып сөйлеңіз.

**5. «Тозбасты ұста соқпайды,
Өлместі Құдай жаратпайды»**

Өмірдің өтпелі екенін ұқтыратын осындай қанатты сөздерді ата-бабаларымыз ежелден-ақ білетін болған. Сөзбен қайғылыны тоқтатып, басу айтқан, жұбатқан. Ал біздің халық қашаннан да сөзге тоқтаған. Сондықтан да бір жағдай болғанда, қимас заттыңды жоғалтып, сындырып алғанда қатты ренжімеу керек. Зат болған соң ол сынады, тозады. Ал қайғы келгенде де қарсы тұра білу керек. Абайдың сөзі бар емес пе: «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме, қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме» деген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Осы мақалды қандай жағдайда айтады деп ойлайсыз?
- 2) Мақалдың философиялық мәні туралы диалог құрастырыңыз.
- 3) Өзіңіздің қанатты сөзіңізді жазыңыз. Жағдаятты досыңызбен бірге құрыңыз.

**6. «Кешегі күннен алыс жоқ,
Ертеңгі күннен жақын жоқ»**

Халық даналығы ұрпағына қандай асыл сөзді, тәрбиені осы бір мақал арқылы қалдырғанын түсінейік. Тоқсан ауыз сөз айтуға болатын еді. Өткенге өкінбеуді, оның ешбір пайдасы жоқ екенін, ертеңгі күннің, мейлі ол 20,30,40 жыл болса да, оның жақын екенін тобықтай түйінмен жеткізіп тұрған жоқ па?

Сондықтан да, өткенге өкіне берудің қажеті жоқ. Бүгінгі күнмен өмір сүру керек. Ал болашақтағы жақсылықтың іргесін ереңге қалдырмай, бүгін қалаған дұрыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданып сөйлеңіз.
- 2) Осы мақал сізді қандай ойға түсірді?
- 3) Сіз осы мақалды кімдерге айтар едіңіз? Не үшін?

7. «Айрылмастай досыңа қайырылмастай сөз айтпа»

* «Қайырылмастай сөз» деген – ауыр сөз. Жүректі жаралайтын сөз. Достық дегенді мінсіздікпен шатастыруға болмайды. Адам – пенде. Пенденің әрекетінің дұрысы да, кей-кейде бұрысы да бола береді. Досыңа өз басың өте адал бол. Ал дұшпандықпен біреулер араларыңызға сына қақса, ауыр сөз айтпас бұрын, ойланыңыз. Уақыт – емші. Өзіңізді сабырға шақырыңыз. Мінсіз адам болмайтынын ойлап, достық қарым-қатынасыңызды сақтап қалуға тырысыңыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Түсінуге қиын сөздер болса, сөздіктен қараңыз.
- 2) Дос туралы монологыңызда жоғарыдағы мақалды қолданып сөйлеңіз.
- 3) Достық туралы, дос, жолдас туралы өз қанатты сөздеріңді жазыңыз.

**8. « Білімдімен дос болсаң,
Сасқанда ақылын айтар.
Білімсізбен дос болсаң,
Топ ішінде бетің қайтар»**

Білімді тар ұғымда, білімі бар адам деп, ал кең мағынада көргенді, ақыл-парасаты мол, білімді, жақсы мінезді адам деп білеміз. Бұл мақалдағы «білімді» осы екіншіге дәл келеді. Сондай адаммен дос болған адамдар өздерін бақыттымын десе болады. Ал «білімсіз» дегендер білімдіге қарама-қарсы адамдар. Адамгершілігі, кісілігі төмен адамды білімсіз адам дейді. Абай: «... білімсізге қылған жақсылық өзі адамды бұзады» дейді емес пе

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Білімді досыңыз бар ма? Оның қандай пайдасын көрдіңіз?
- 2) Досыңызға мінездеме беріңіз.
- 3) Сіз өзіңіз жақсы доссыз ба?
- 4) Жағдаят құрап, арасында мақалды қолданып сөйлеңіз.

8. «Ұясын ұнатпаған құс – оңбас»

Қазақ халқы тұрақтылықты, адалдықты жақсы көреді. Құсқа байланысты да олардың қалыптасқан пікірлері бар: Сауысқанды бірлігі жоқ деп ұнатпайды, қарғаны тілеуі жаман деп ұнатпайды, көкекті өз атын өзі шақырады дейді, қарлығаш құстың еңбекқорлығын, адалдығын ұнатады, қараторғайды, бозторғайды әнге қосады, бұлбұлды, қыранды үкіні қатты бағалайды. Құс тіршілігін бақылаған бабаларымыз, адамдардың жөнсіз, өз үйінен безген жаман әрекетін бетіне айтпай, құстың жаман қасиетін айту арқылы түсіндіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Мақалды жастар тәрбиесіне қатысты жағдаятта пайдаланып, диалог құраңыз.
- 2) Сізге қандай құстар ұнайды? Неге?
- 3) Өз үйінен адамдар неге безеді? Сіз ондай жандарға не айтар едіңіз?

10 «Жақсы жолдас ерттім дегенше, Жарты жолдан өттім де»

Адамның жас күнінде жолдастары көп болады. Бірге ойнаған да жолдас, бірге жүрген де жолдас. Егер баланың сол жолдастары жақсы болса, талапты, мәдениетті болса, бала соларға еліктеп, өзі де жақсы болуға тырысады. Ал егер керісінше тәртіпсіз, бұзақы болса, ол қиын жағдайға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана баласының жанындағы жолдастарын танып, біліп жүргені абзал. Жора-жолдастары жақсы болса, көмектессе, қиындықты жеңуге болды. Мақалдың бізге айтпағы да мүмкін сол шығар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақалдың дәл сізге берері не?
2. Осы мақалды тақырып етіп алып, шағын киносценарий жазып көріңіз.

11 «Ақылды қайғырған жерде, Ақымақ той қылады»

Қайғы әр түрлі болады, ел қайғысы да болады, ер қайғысы да болады. Яғни, қайғы жалпы да, жеке де болады. Қайғы мен қуаныш бір-біріне антоним сөдер, антоним ұғымдар. Бір біріне жанаспайтыны да сондықтан.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дәл осындай жағдайды естіп, көрдіңіз бе?
2. Жақының қайғырып жатқанда, той жасап, ойнап күлген адамгершілікке жата ма?
3. Мақал сізді неге тәрбиелейді?

12 «Әр күннің өз таңы бар, Әр жанның өз қамы бар»

Тіршілікте адамдар бір-біріне жүк артып, міндет қылып жүреді. Жалпы ол дұрыс емес. Әр адам «мен бір-ақ рет айтқанда істей қоймады, келісе қоймады»,– деп ренжіп жатады. Сіз бір рет айтсаңыз, басқа қаншама адамдар да бір рет айтқан болады. Сол себепті де сол адамның орнына өзіңізді қойып көріңіз. Егер сіз сол жақсылықты, сол істі қиналмай жасайтын болсаңыз, сонда өкпелеңіз. Олай ете алмаған жағдайда, ренжімеңіз. Әр адамда өз тіршілігі, өз қамы бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақалдың мәнін түсіндіріп айтып беріңіз.
2. «Қамы» деген сөздің орысша баламасы қандай?
3. Мақалды қолданып, шағын өнегелі әңгіме жазыңыз.

13 «Араға ерсең балдан татарсың, Қоңызға ерсең қиға батарсың»

Мына тіршілікте аралардың өмір сүру тәртібі өте ерекше көрінеді. Олардың ортасында жалқау аралар болса, олар оны қатты жазалап, тіпті өлтіріп тастайды екен. Аралар тынбай гүлден нәр тасып, еңбек етеді. «Араға ерсең» дегенде адамның араға ермейтіні – түсінікті. Ара сияқты еңбекқор адаммен бірге жүрсең, бірге еңбек етсең деген мағынада айтылып тұр. Қоңыз да еңбекқор ғой дерсіз. Бірақ қоңыз әрекеті өз қарабасының игілігі үшін. Ол бал арасы сияқты адамдарға тамақ әзірлемейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақалдың мәні ара мен қоңыз туралы ма, әлде адамға қатысты ма?
2. Мақалдың мәнін өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.
3. Диалог құрастырыңыз.

14. «Түйекұсқа: - Жүк артамын, - десе, – Мен құспын, - депті. – Ұш, - десе, – Мен түйемін, - депті»

Түйеқұстың тіл қатып сөйлей алмайтынын бәріміз білеміз. Мұндағы айтылмақ ой біздерге, адамдарға қатысты. Мойны еш жұмысқа жар бермейтін, жалқау адамның сөзі де, сылтауы да көп болады емес пе? Кейде өзіміздің бойымыздан да жалқаулықты көреміз. Егер сол жалқаулық болмаса, біз қаншама істерді атқарар едік, талай биіктерге де көтеріліп қалар едік... Келісесіз бе?

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Осы мәтелді оқығанда, көз алдыңызға не елестеді не болмаса кім туралы ойладыңыз?
- 2) Дәл осы мәтелді қолданып, сахналық қойылым сценарийін жазып көріңізші.
- 3) Осы мәтелге ұқсас мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді жазыңыз. «Еріншектің ертеңі таусылмас» т.с.с.

15. Бір тауды төңкеретін де бар, Бір дәнді зіл көретін де бар.

Адамдардың адамгершілік қасиеттері еңбекке қатысынан білінеді. Біреулер бар кішкентай шаруа тапсырсаңыз, соны таудай етіп, қабығы түсіп жүріп орындайды. Сондай кескін-келбетін көргенде сол кісіге аз шаруаны тапсырғаныңызға өкінесіз. Ал кейбіреулер аз тапсырмаңызды молынан орындайды. Жоғарыдағы халық даналығы сондай адамдарға айтылған сөз болса керек.

1. Мақалдың мәнін достарыңызға түсіндіріп беріңіз.
2. Мультфильм сценарийін жазып, кейіпкерлеріңізге жоғарыдағы мақалды айтқызыңыз.

16 Ақылды қасыңнан қорықпа, Жарымес досыңнан қорық.

Достың да, қастың да жарымес емес, ақылды болғаны жақсы екен-ау.

Досың болса да, ақылы жетпегендіктен жамандық жасауы мүмкін екен.

Ойланып, көрейік.

1. Мақалдың мәні не? Неден сақтандырады?
2. Ойдан жағдаят құрап, жоғарыдағы мақалды қолданыңыз.

17 Адамды тұрар адам қып, Ақжүректілік пен адалдық.

Адам баласының жақсы қасиеттері көп. Солардың ішінде ақжүректілік дегені қандай қасиет деп ойлайсыз? Ақжүрек адамдар көп жағдайда өздері көп қиындық көріп жатпай ма? Сіздің ойыңыз қандай?

1. Ақжүрек, адал адамды кездестіріп көрдіңіз бе? Ол кім?
2. Өнегелік шағын әңгіме жазыңыз.

**18 Шеге тағаны сақтайды,
Таға тұлпарды сақтайды.
Тұлпар ерін сақтайды,
Ер елін сақтайды.**

Ердің елін сақтауының арқасында біздер бүгінгі күнге жетіп отырмыз. Тарихымызға көз жүгіртіп көріңізші. Қазақ халқының ұлан байтақ жерін жаудан қорғауда ер азамат пен тұлпардың рөлі ерекше болды. Халық даналығы осы бір ауыз сөзбен халқымыздың тарихынан да, тіршілігінен де хабар беретіндей.

* Мақалды жаттап алдыңыз, оны қандай сәтте қолданамын, пайдаланамын деп ойлайсыз?

* Егер суретші болсаңыз, осы мақалға қандай сурет салар едіңіз?

* Өзіңіздің қанатты сөзіңізді жазыңыз.

19. Алтыныңа сенгенше, ақылыңа сен.

Адам баласы тек өзіне, өзінің біліміне, ақылына, күшіне сену керек. Біреулерден жақсылық болса, ол – жақсы. Бірақ соған сеніп кетіп, өзіңді жетілдірмей, еңбек етуге ерінсең, нәтижесінде түксіз қаласың.

1. Мұндағы «алтын» деген сөздің орнына басқа қай сөзді қолдануға болады?

2. Ақыл адамға не береді? Санамалап айтыңыз.

20. Жаманға сөз қатпағанның өзі - жауап.

Жалпы адамды «жақсы», «жаман» деп бөлуге болмайды. Жаман деген түсінік – парықсыз, сөздің мәнін түсінбейтін, сөз сөйлей білмейтін. т. б. ұнамсыз қасиеттері көп адам туралы айтылған болу керек. Жоғарыдағы мақал сондай адаммен сөйлесіп, пікірлесіп, түсінісу қиын болғандықтан шыққан.

1. Мақалдың мәнін өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.

2. Жағдаят ойлап, сөз арасында қолданыңыз.

21 Ұзақ болса да жолдың турасы жақсы.

«Жолдың турасы» деген кең мағынада адамның өмір жолы туралы мағынаны білдіреді. Ешкімге қиянат жасамай, алдап кетпей, адал өмір сүрген адам жолдан таймаған, тура жолмен жүрген болып есептеледі.

1. Мақалдың тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіріңіз.

2. Өзіңіздің өмір жолыңыз туралы монолог жазыңыз.

22. Еліңде абыройлы болсаң, түзде жүгің қалмас.

Елдің көңілі – елеуіш. Жаманын ұмытып, елеуіштен өткізіп жіберіп, жақсысын алып қалып, ескеріп, құрмет көрсетеді. Тарихта аты қалған тұлғалардың баршасы елдің есінде, көңілінде солай сақталғандар.

1. Мақалдың ауыспалы мағынасын түсіндіріңіз.
2. Елге абыройлы болған дегенді қалай түсінесіз?
3. Абырой адамға не үшін керек?

23. Ынтымақ жоқ үйде ырыс жоқ.

– Бақ, қайда барасың?

– Ынтымаққа барамын.

Ынтымақ деген – үлкен ұғым. Ол бірлік дегенді де білдіреді. Жеке отбасының ынтымағы сол отбасы мүшелерінің бақытын қамтамасыз етсе, елдің ынтымағы – мемлекеттің халқының бақытын жасайды.

1. Осы мақалдың берер тағылымы не?
2. Осы тақырыпқа өзіңіздің қанатты сөздеріңізді жазыңыз.

24. Пасық адам паң келер.

Білімді, мәдениетті адам ешқашан да кеудесін көтермейді. Олар соншама инабатты, қайырымды, қарапайым болады.

1. «Паң» деген сөздің синонимдерін жазыңыз.
2. Мақал сізге қандай ой салады?
3. Мысал жазыңыз. Кейіпкерлеріңіз аңдар болсын.

25. Асыл текті балапан ұясында ән салар.

Адамға меңзеп айтылған мақалдың мәні – баланы кішкентай кезінен өнерге баулу қажет.

1. Мақалдың ауыспалы мағынасын түсіндіріңіз.
2. Мақалдың тура мағынасындағы суретті көз алдыңызға елестетіп, сурет салыңыз, мультфильм сценарийін жазыңыз. Кейіпкеріңіз мақал-мәтелді қолданып сөйлейтін болсын.

26. Ақылдының бүгінгі ісі кеше тынған.

Ақылды адам барлық ісін ойланып істейді. Асығыстық немесе, артық сөз айту ондай адамға жат.

- a. Мақалдың сізге қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?
- b. Осы мақалды жазып, жұмыс орныңызға, көрінетін жерге іліп қойыңыз.
- c. Күнделікті, бір апталық, бір айлық жұмысыңыздың жоспарын жасап, сол тәртіппен жұмыс жасап үйреніңіз.

27. Біреуге үйретсең, өзің де үйренесің.

- a. Жомарттық адамды сыйлы, абыройлы, қадірлі етеді. Малға, дүниеге ғана жомарт болмау керек, біреуге үйретуге де жомарт

болу керек. Біреуге үйретсең, өзін де үйренесің. Ізденесің, көп оқисың, т.б. Өзіңізге тәжірибе жасап көріңіз...

в. Өзінің айналаңда білімге жомарт, үйретуге жомарт адам бар ма? Бар болса сол адамның қасиеттері туралы айтып беріңіз.

**28. Парызың “сөйле” деп тұрғанда
Үндемей қалу - қып-қызыл қылмыс.**

* Парыз деген сөздің мағынасы өте салмақты. Парыз халықтың алдында, ел алдында, ата-ана, ұстаз алдында болады. Егер сіздің өз жеке басыңызға ауыр сөз айтылса, оған төзуге болады. Ал егер сіздің халқыңызға, еліңіз туралы ғайбат сөз айтылса, кемсітсе, оған төзуге болмайды. Онда шынында да «Үндемей қалу – қылмыс».

* «Парыз бен қарыз» деген тақырыпқа телехабар жүргізіңіз.

**29. Керексізді сатып алсаң,
Кейін керегіңді сатарсың.**

*Осы мақалды базарға, дүкенге барғанда, немесе бір затты сатып алғыңыз келгенде есіңізде ұстаңыз.

* Отбасыңызда сатып алу мен алмау туралы келеңсіз жағдайлар болмау үшін осы мақалды көрінетін жерге қағазға жазып, іліп қойыңыз.

*Жағдаят ойласытырып, ерлі-зайыптылардың диалогын құрыңыздар.

30. Асыл сөз арнап берген сыйдан артық.

* Қазіргі кезде адамдарды берген сыйлығымен бағалап, құрметтеп жатады. Ол дұрыс емес. Себебі материалдық дүние барлық адам да бірдей емес. Сондықтан ізгілігі, адамгершілігі, кісілігі жоғары адамдар көлеңкеде қала береді. Егер сіздің тарапыңыздан осы бір мәселені шешу қолдан келсе, онда сіз шын мәнінде биік адамсыз. Сіз құрметтеген адам жағдайын айтып, сізге сыйлық жасай алмадым деп жатса, сіз «Асыл сөз арнап берген сыйдан артық» деп айтпайсыз ба?

*Өзіңіздің қанатты сөздеріңізді, ой толғамдарыңызды жазып көріңіз.

31. Абыройың артқан сайын арқалар жүгің де ауырлайды.

* Жалпы адамдардың қызметі, лауазымы өскен сайын адам мінезі өзгереді. Кейбіреулер үшін мансап билігін жүргізіп, байып қалудың жолы болса, ал енді біреулерге ол үлкен жауапкершілік жүктейді. Елдің камын көбірек ойлайтын болады, бұрынғыдан да көбірек жұмыс жасайды. Ондай жанның абыройы өседі.

* Бірнеше жағдаятқа байланысты осы мақалды қолданып көріңіз.

32. Тауы биік болса, шатқалы да терең.

* Мәтелдің мағынасын түсіндіріп беріңіз.

* Биікке шығарда түсетінінді де ойланғаныңыз дұрыс. Биіктің басында қалу – көп жанның маңдайына жазылмаған бақыт. Биіктен түскеннен кейін төменде өмірді жақсы сүру үшін, биікте тұрғанда әділ, шапағатты болу керек. Монологты ары қарай өрбітіп, жоғарыдағы мәтелді сөзіңізде қолданыңыз.

33. Ойсыздың бәрі - өркөкірек.

- a. «Ойсыз» адам дегенді қалай түсінесіз? Ойсыздың орнына тағы қандай сөзді қолдануға болады?
- b. Адамға жараспайтын мінездің бірі - өркөкіректік. Ондай адамда кісілік, адамгершілік аз болады. Азға мәз болып, бір күн таққа отырса, түспейтіндей күй кешіп, есі шығады. Алдына келгеннің еңкейіп келгенін қалайды. Сондай адамды көргенде халықтың «Ойсыздың бәрі – өркөкірек» деген қанатты сөзін есіңе аласың.
- c. Өзіңіздің мінезіңізді бір тексеріп қойыңыз.

34. Онның ойы бір жерден шықса, оң ойлағаны.

- a. Халқымызда тағы бір мынадай сөз бар: «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген. Қыңыр адам елдің сөзіне де, ісіне де қарсы болып, көптің ашу-ызасын тудырады. Ондай адамдарға қыңырсың десең, қатты ашуландырып алуың мүмкін. Сондықтан ондай адамға: «Онның ойы бір жерден шықса, оң ойлағыны» десеңіз, ол ойланады.

35. Асқар таудың көлеңкесі алысқа түсер.

- a. Мақалдың ауыспалы мағынасын түсіндіріп беріңіз.
- b. Қолында билігі бар адам көп жақсылық жасай алады. Жақсылық деген жақындарын жаман болса жақсы деу емес, жақсылық қоғамға, елге, ұжымға болатын игілікті іске адамдарды жұмылдыра білу. Нәтижесінде адамдар да соның жақсылығын көру. Сондай басшыларға, тұлғаларға «асқар таудың көлеңкесі алысқа түсер»деп айтуға болады.
- c. «Мен сыйлайтын асқар таудай тұлға» деген тақырыпқа монолог айтыңыз.

**36. Уақыт ұшқан ұшқындай,
Жылт етіп артта қалады.**

- a. Осы мақалға ұқсас мақалдарды, қанатты сөздерді естеріңізге түсіріп, жазып келіңіз.
- b. «Уақыт» деген философиялық ұғымға өз көзқарасыңыз қалай? Сіз үшін уақыт арзан ба, қымбат па?

**37. Жеті атасын білмеген – ұл жетесіз,
Жеті ғасыр тарихын білмеген – ел жетесіз.**

Жеті саны қазақ үшін киелі сандардың бірі. Жеті атасын ұрпағына үйретуді бабаларымыз өздеріне парыз санаған. Жеті атадан аспағанша жастардың бір-біріне үйленуіне тиым салған. Ал енді жеті ғасыр тарихын білмеген елдің жетесіз болатыны неліктен? Сіздер қалай ойлайсыздар?

38. Арық қазбасаң - атызға су келмейді.

Кейде біз қызық ойлаймыз. Ешқандай әрекет жасағымыз келмейді, еңбек еткіміз келмейді, бірақ бай болғымыз келеді. Жақындарымызды өзіміз іздемейміз, егер олар келмесе өкпелейміз. Адам өзі әрекет жасамайынша, Алла да оның аузына су тамызбайды. «Арық қазбасаң – атызға су келмейді» деген сол емес пе?

Осы мақалды пайдаланып, өнегелі қысқа әңгіме жаз.

39. Жер - қазына, су - алтын.

Дүниежүзінде ауызсу мәселесінен үлкен мәселе жоқ. Кейбір елдер ауызсуды басқа елден сатып алып ішіп отыр. Ал біздің ауыз суды қалай болса солай қолданғанымыз, шын мәнінде, қылмыс емес пе? Осыған сіз не дейсіз?

«Жер – қазына, су – алтын» тақырыбында өз ұрпағыңызға қандай өнегелі әңгіме айтар едіңіз?

**40. Пірің көп болғанша,
Білімің көп болсын.**

«Пірің» деп отырғаны қолдаушы, сүйеуші деген мағынаны білдіріп тұрса керек. Қалай ойлайсыз, біліміңіз бар, бірақ қолдаушыңыз жоқ. Пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Білім туралы білген мақал-мәтел, қанатты сөздеріңізді жазып көріңіз.

«Білімді адамның алдынан қайда барса да алтын тартылады» деп Сайф Сарай бабамыз неге айтты екен?

41. Қолы ашықтың - жолы ашық.

Қолы ашық дегені – жомарт адам дегені. Жомарттық қасиетті халқымыз ежелден жоғары бағалаған. «Береген қолым – алаған» дегені де сондықтан. Қолы ашық адам қадірлі болады, солсебепті де оның жолы болады.

Мақалдың мәнін түсіндіріңіз.

42 Адамның тізгіні - ақылы.

Адам сөйлер сөзін, істейтін ісін, әрекетін ақылмен басқармаса, қиындыққа ұшырайды. Орынсыз сөз айтып опық жеуі мүмкін.

Ақыл туралы көптеген мақал-мәтел, қанатты сөздер бар емес пе? Есіңізге түсіріп, жазыңыз.

Сіз осы мақалмен келісесіз бе?

Тізгіні – жүрек шығар? Достарыңызбен пікірталас ұйымдастырыңыз.

43. **Сүйдірген де - тіл, Бездірген де - тіл.**
«Сүйдірген», «бездірген» деген сөздердің мән-мағынасы қандай?
Тіл туралы тағы қандай мақал-мәтел, ұлылар айтқан қанатты сөздерді білесіз?
44. **Ақылдың өлшемі – парасат.**
Парасат өлшеміне нелер, қандай қасиеттер сай келеді?
Ақылдың нәтижесі, көрінісі парасат болғаны ма? Сонда парасатты адам болу үлкен мәртебе екен-ау. Сіз қалай ойлайсыз?
45. **Адал адам ауыр сөзден тартынар.**
Мақалдың мағынасын ашып, түсіндіріңіз.
Ауыр сөз дегенге қандай сөздер жатады?
Өмірдегі бір жағдаятты ойластырып, осы мақалды қатыстырып сөйлеңіз.
46. **Әділ тіл - ақыл таразысы.**
Адам баласына сыпайы, қарапайым болған жарасады. Ал жалпы, адамды көріктендіретін – тілі. Тілі шешен, үні әуезді, құлаққа жағымды болса, дыбыстарды дұрыс айта алса, қазақтың тілі сылдыраған бұлақтай, күмбіреген домбыра үніндей естіледі. Нағыз мәдениетті адам аузынан шығатын сөзді тежей алады, біреудің арына, намысына тиетін сөзді айтпайды, әділ болады. Сондай адамға «әділ тіл – ақыл таразысы» деген рас екен-ау деп айтуға болады.
Осы тақырыпқа өзіңнің қанатты сөздеріңді жаз.
47. **Істің сәті - өз уақыты.**
* Көптен ойыңа алған ісің біткенде кеуденді шаттық кернеп, иығыңнан жүк түскендей жеңілденіп қаласың. Сондай сәтте «Істің сәті – өз уақыты» деп еріксіз айтасың.
* Өз өміріңізде осы мақалды қалай қолданар едіңіз?
48. **Әр құс ұясына қарай ұшады.**
* Мәтел сөздің мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.
Өмірдегі жағдаяттардың бірін мысалға келтіріп, осы қанатты сөзбен ойыңызды қорытындылаңыз.
* Құстың ұясына қарай ұшып келе жатқанын, ұядағы балапандардың әңгімесін сюжет етіп, мультфильмнің сценарийін жазып көріңіз. Мүмкін ол балаларға арналған ертегі болар...
49. **Атаға баланың алалығы жоқ.**

* Ата-ана үшін өзінен туған баланың бәрі бірдей. Кейін қарым-қатынастарында алалық, бірін ерекше санау, т.б. болып жатса, оған балаларының мінездері, адамгершілік қасиеттері, әрекет- амалдары әсер етеді. Еске ұстайық: адамның жасы ұлғайған сайын қайраты азайып, күші кемиді. Үлкен кісілер де бала сияқты өздеріне көңіл бөлгенді, әңгімелескенді жақсы көреді. Хақымыз: «Қартайғанда бір бала» деп тегін айтпаса керек. Сіздің ойыңыз қандай?
Ата-аналарыңызбен сырыңызды айтып, әңгімелесесіз бе? Бүгіннен бастап көріңіз...

50. **Ауыр істен қорықпа,
Ауыр сөзден қорық.**

* Хақымызда: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген сөз бар емес пе? Ауыр жұмысты, істі қиналсаң да жасап тастайсың. Ал ауыр сөз естісең, көпке дейін қиналып жүресің. Басыңнан шықпайды, ойыңнан кетпейді. Сол себепті де ауыр сөз естімеуге тырысу керек. Өзіңді ақылыңмен тізгідей алсаң, әділ болсаң, ізетті болсаң, кісіге қиянат жасамасаң ең бастысы өз ісіңе жауапкершілікпен қарасаң, саған ешкім ауыр сөз айтпайды. Қалай ойлайсыз?

* Сіз қандай ашуланып тұрсаңыз да ауыр сөз айтпайсыз ба? Онда сіз өте мәдениетті адамсыз.

51. **Еліңді жек көрсең,
Елге қайтіп сиярсың.
Жеріңді жек көрсең,
Көрге қайтіп сиярсың.**

* Мақалды жаттап алып, мәніне көңіл аударыңыз. Ойланып көріңіз. Іштей: «Елін жақсы көрмегендер де жап-жақсы өмір сүріп жатыр ғой. Мысалы, сол пәленше елге не істеді?..» деген ойлар келер, мүмкін келмес те. Бірақ сіз ондай адамдармен өзіңізді еш салыстырмаңыз. Сіз мүлдем ондай жан емессіз. Сіз еліңізді де, қасиетті Жеріңізді де жақсы көресіз. Ал жек көргендерге жоғарыдағы мақалды айта аласыз.

* Осы тақырыпқа сіздің де айтарыңыз бар деп ойлаймыз. Жазып көрсеңіз болады.

52. **Жігіттің құны - жүз жылқы,
Ары - мың жылқы.**

* «Құны» деген сөздің синонимдерін атаңыз. Ол сөздің орнына қандай сөзді қолдануға болады?

* Ар, ұят деген ұғымдар архаизмге айналып бара жатқан жоқ па? Сіз қалай ойлайсыз?

53. **Қуантар болсаң асық,**

Мұнайтар болсаң сабыр тұт.

* Сізге осы мақал ұнай ма? Адамдарға қуаныш сыйлау дегенді қалай түсінесіз? Өзіңіздің әректіңізде қайсысы басым?

* Жағдаятқа байланысты осы мақалды қолданыңыз.

54. Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады.

* Дана халқымыз осы сөзбен нені білдіргісі келді екен?

* «Адамның күні адаммен» деген мақалмен жоғарыдағы мақалдың қандай байланысы бар.

55. Қос қылыш қынға симас.

* Шынында да қос қылышты бір қынға сайдыра алмайсыз ғой. Мәтелдің мәні не? Нені меңзейді? Өз сөздеріңізбен түсіндіріп айтыңыз.

* Қанағатсыздық туралы жағдаяттық әңгіме диалог құрастырыңыз.

56. Бұтағы көп ағашқа құс қонады,

Атағы жақсы адамға сөз ереді.

Ағаш басына жел үйір,

Жақсы адамға сөз үйір.

* Осы мақалдың мәнін ашатын сіздің өміріңізде немесе сіздің таныстарыңыздың өмірінде оқиға болды ма?

* Сіз қалай ойлайсыз, неге атағы жақсы адамға сөз ереді?

* Сіз туралы сөзге шамадансыз ба, әлде дұрыс қабылдайсыз ба?

57. Ердің ісін ауыр қылма,

Сәйгүлікті жауыр қылма.

* Сәйгүлік дегеніміз тұлпар ғой. Тұлпар атты жауыр қылатын адам (күте алмайтын) қандай адам?

* «Ердің ісін ауыр қылма» дегенді қалай түсінесіз?

* Өмірде жүрген ортасына салмақ салып, қиындықтар әкеліп жүретін адамдар болады. Ал керісінше, ешбір салмақ түсірмейтін де адамдар болады. Сіздің пікіріңіз?

58. Құты қашқан құдыққа құласа, үстіне құм құйылар.

* Құт сөзінің синонимі береке. Сонда берекесі қашқан адам дегенді білдіреді. Ал осы мақалдың тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіріп бере аласыз ба?

* Жолы болмаған адамның өмірі туралы күлдіргі әңгіме сюжетін ауызша айтыңыз.

59. Су татырмағанға сүт бер.

Таспен ұрғанды аспен ұр.

* Осы екі мақалдың ұқсатығы мен айрмашылығы қандай?

* Біздің халықтың тамаша бір қасиеті қонақжайлылығы. Осы жоғарыдағы екі мақал да халықтың осы қасиетіне орай тумадма екен? Сіз қалай ойлайсыз?

60. Алдыға келсе, атаңның құнын кеш.

* «Кеш» дегені «кешірі» дегені. «Алдыға келсе» дегені «кешірім сұрай келсе» дегені екен. «Атаңның құны» дегені не?

* Кешірімді болған жақсы қасиет пе? Жағдаяттық әңгіме құрастырып, осы мақалды қолданыңыз.

61. Ас тасыса – майы төгілер,

Ашу тасыса – ақыл төгілер.

* Мақалдың мәнін түсіндіріп беріңіз.

* Өзіңізбен араласып жүрген адамдардың арасында сіз мінезіне қызығаты, сүйсінетін адамдар бар ма?

* Сіз өзіңіз тез ашулансыз ба әлде сабырлы, ұстамдысыз ба?

62. Еріншекке есік те асу көрінер,

Жалқауға бұлт та жүк көрінер.

* Осы мақалды есіңізде ұстаңыз. Өзіңіздің бойыңызда еріншектік пен жалқаулық болса, ойланыңыз. Өзін өзгерте алмаған адамның қолынан көп нәрсе келмейтіні есіңізде болсын.

* Осы мақалды көрінетін жерге А4 қағазға жазып, іліп қойыңыз.

* Жағдаят ойласытырып, өнегелі әңгіме мәтінін құрастырыңыз.

63. Жазбайтын мерген болмас,

Жаңылмайтын білгіш болмас.

* Кейбір адамдар біреулердің жасаған кемшілігін, қателігін кешіре алмайды. Ол дұрыс емес. Себебі қателеспейтін адам баласы жоқ. Өзіңізде қателесесіз. Сонда сізді кешірмесе қалай болар едіңіз? Сондықтан достарымзды, балаларымызды, әріптестерімізді т.б. кешіре білейік.

* Өзіңіздің қанатты сөздеріңізді, ой толғамдарыңызды жазып көріңіз.

64. Тай өссе – ат тынығады,

Ұлы өссе – әке тынығады.

• Мақалдың мәнін қалай түсінесіз? Ұлы-қызы қандай болса әке-шеше тынығады?

• Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі балалар әке-шешесін қаншалықты тынықтырып жүр?

• Өз мақсат-міндеттеріңізді ауызша айтып көріңіз, сөз арасында мақалды пайдаланыңыз.

65. Тексіз адам қонаққа тесіле қарайды.

* Ешуақытта адамға тесіле қарауға болмайды. Ол әдепсіздік болып саналады. Байқадыңыз ба ондай адамды тексіз дейді екен.

* Өнегелік әңгіме өрбітіңіз.

66. Пышақ қанша өткір болғанмен, өз сабын өзі кесе алмайды.

* Мақалды қалай түсінесіз?

* Дәрменсіздік деген сөздің мағынасын ашып айтыңыз. Сол сөздің мақалға қандай қатысы болуы мүмкін?

67. Еккенде келісіп алса, жинағанда жанжал болмайды.

* Қазіргі бизнеспен айналысып жүрген жандарға өте-мөте қажет мақал сияқты. Сіз қалай ойлайсыз?

* Жағдаяттық диалог жасаңыз.

68. Ұлыны ұлы тұтса – құт болар.

* Ұлылық дегенді қалай түсінесіз? Адамды қандай белгілеріне қарап ұлы дейді?

* Сіз кімді ұлы дейсіз? Неге? Шын сөйлеңіз.

**69. Белгісі болса, жолдан жаңылмас,
Білімі болса сөзден жаңылмас.**

* Сіз жолынан, сөзінен жаңылмаған жанды кездестірдіңіз бе?

* Білім туралы білген мақал-мәтел, қанатты сөздеріңізді жазып көріңіз.

**70. Ер салмағын ел көтереді,
Ел салмағын жер көтереді.**

* Ел мен жер туралы сіз не ойлайсыз?

* Елге салмақ салмай, ауырын жеңілдетуге, қауымын көңілді етуге бола ма?

71. Ынталының ісі лезде бітеді, енжардың ісі кейін кетеді.

Ынта, ықылас, пейіл деген мағынасы жағынан жақын сөздер. Қандай іске де адамның ынтасы, пейілі болмаса, ол іс аяғына жетпейді, немесе шала істелінеді. Сол себепті де жұмысты ынтамен жасаған дұрыс.

**72. Жақсы аттың жалын сақтағанша,
Жақсы ердің көңілін сақта.**

* Адамның көңілі қалса, ол –жаман. Со себепті де халқымыз: «қалған көңіл – шыққан жанмен тең» деген. Кейбір адамдар өзінің ғана жағдайын ойлап, өзгенің жүрегіне ауыр болатын әрекеттерді істеп, ауыр сөздерді айта салады. Сондай жағдайда кейбір жүрегі әлсіз адамдар ауруға ұшырап, немес қайғылы жағдайларға да ұшырайды.

* Сіз өзгенің көңілін қалдырмас үшін өзіңізге аздап болса да зиян келетін іс жасай аласыз ба?

* Адамдарды ренжітіп жүретін жандарға сіздің көзқарасыңыз?

73. Ерте шықсаң алдыңнан күн шығады,

Кеш шықсаң алдыңнан түн шығады.

* Осы мақалдың мәнін ашатын тағы қандай мақалды білесіз?

* Барлық іске үлгеру үшін істі ерте бастаған жақсы. Түн ұйқы үшін берілген. Ал кейбір жастар, әсіресе, студенттер сабақ т.б. жұмыстарын күндіз жасап тастауға ерініп, есесіне таң атқанша сабақ қарайды. Осы дұрыс па?

74. Жаман болатын жігіт шегіншек келер,

Кедей болатын жігіт еріншек келер.

* Шегіншек келер дегенді қалай түсінесіз?

* Еріншек адамның бай болғанын тарихта ешкім білмейді. Сіз білесіз бе?

75. Ердің еңбегін күндегенше,

Өзіңнің жігерінді шыңда.

* Көреалмаушылық, күндестік деген жақсы қасиет емес. Ол дерт сияқты. Адамның түр-түсіне әсер етіп, ортасына сүйкімсіз етеді. Сол себепті де өзгені күндегенше өзіңнің жігерінді шыңда деп айтқан.

* Досыңның бойынан көреалмаушылық мінез көрсең, осы мақалды қалайша қолданар едің?

76. Қажымалы мың жолдас, жоқпен тең,

Жанын қиған бір жолдас, көппен тең.

* «Қажыту» деген қинау, мазалау дегенді білдірсе керек. Ондай көп достардан гөрі адал, сен үшін жаны қиятын адал бір достың болғаны жақсы. Біздің дәуірімізге дейін 6 ғасырда өмір сүрген Анақарыс бабамыздың мынадай сөзі бар: «Сансыз көп сапасыз достардан, адал жалғыз достың болғаны жақсы» деген.

* Адамдар 100 пайыз досына сыр айтады ма? Сыр айтуға қалай қарайсыз?

77. Аз қайғыны ас басады,

Көп қайғыны дос басады.

* Аз қайғы, көп қайғы дегенді қалай түсінесіз? Аз қайғыны неге ас басады?

* Досыңыз қайғырғанда қол ұшын бере аласыз ба?

78. Көп алдында сөйлеген – көсемдіктің белгісі,

Көпке сөзі ұнаған – шешендіктің белгісі.

* Мақалдың мәнін ашатындай, «иә, ол сол адам ғой» дейтіндей өзі көсем әрі шешен адамды білесіз бе?

* Өзіңіз саяси тұлғалар арасынан кімдерді шешен санайсыз? Сіз шешен болғыңыз келе ме?

79. Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.

* Қай кезе де, кім туралы болса да жақсы сөз айтқан дұрыс. Жақсы сөз де, жаман сөзде иесіне әйтеуір жетеді. Бір үлкен мансапқа жеткен адамнан: «сіз осындай дәрежеге қалай жеттіңіз деп сұрағанда, ол: мен барлық адамдар туралы тек жақсы сөз айттым» деген екен. «Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді» деген мақалды бабаларымыз тегін айтпаса керек.

80. Азды алмаған, көптен құр қалар.

* Қанағатшылық – жақсы қасиет. Адамдардың өз бағын өзі байлайтыны осы қанағатсыздықтан. Кейбір адамдар аз жалақы береді екен деп, жұмыс істемей жүреді. Ал жұмыс істемеген адам мүлдем жалақы алмайды. Аз болса да жоқ емес, бар ғой. Бұдан басқа да мысалдар келтіріп, ойларыңызды ортаға салыңыздар.

* Жағдаят ойласытырып, екі адамның диалогын жасаңыздар.

81. Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас.

* Мақалды өз өміріңізге қандай жағдайда пайдаға жаратасыз?

* «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақал да бар. Ашу дұшпан болғанда ол адамға не істей алады?

82. Ас тасыса майы төгіледі,

Ашу тасыса, ақыл төгіледі.

* Мақалдың тура мағынасын да, ауыспалы мағынасын да дәлелді сөзбен түсіндіріңіз.

* Жағдаят ойлаңыз, әңгімеңізді ішінде мақал-мәтелдер болатын болсын.

83. Мал шөпке, адам сөзге тоқтайды.

* Мал шөпке тоқтайтыны рас, ал адам сөзге қалай тоқтайды? Мұнда халықтың айтпағы не?

* Сөзге құлақ асу, сөз тыңдау, басқа біреудің сөзін бөлмеу – мәдениеттің бір түрі. Кейбір адамдар мүлдем сөз тыңдамайды. Ол үшін өзінен басқа жан сөйлемей керек. Өзі ғана дұрыс айтады. Қанша жерден бәрін біліп тұрсаң да бәрін білемін деп айтпа. Сабырмен басқалардың сөзін тыңдай біл.

84. Өзің көтермейтін сөзді басқаға айтпа.

* Адамның жанын жаралау деген оп-оңай нәрсе. Ауыр сөз, ойланбай айтыла салған сөз адам жанын жаралайды. Сол адамның орнына өзіңді қойып көр. Сол үшін сөзге абай болған дұрыс.

* Сөз қылыштан өткір деген рас па? Қылышты оңды-солды жұмсасаң көп адамды жарақаттап, көп адамды өлтіресің. Сол себепті де сөзді оңды-солды ойланбай сөйлей бермеу керек.

85. Ақыл – жас ұланнан,

Жүйрік – тай-құнаннан.

* Біздің халқымыз жастарды, балаларды ерте жастан даналыққа, парасаттылыққа тәрбиелеген. Олардан көп үміт күткен. Сол себепті де ақылды жастан күткен.

* Үлкен кісінің монологын әзірлеңіз.

86. Келіні жақсы үйдің керегесі алтын.

* Келіннің мәртебесі, отбасындағы рөлі туралы монолог әзірлеңіз. Сөз ішінде мақал-мәтелдерді пайдаланыңыз.

87. Адам болар жігіттің, Жары өзіне лайық. Керуен бастар жігіттің, Нары өзіне лайық.

* Жар таңдау – күрделі жұмыс. Адам өмірінің негізі – жұбайлық өмір. Сонда өмір серігіңнің адамгершілік, кісілік келбеті сенің өміріңді өрнекті, сәнді етеді.

* Осы мақалды пайдаланып диалог жасаңыз.

88. Аттың бәрі тұлпар болмас, Құстың бәрі сұңқар болмас.

1. Адам өзінің шамасын білгені жақсы. Сонымен қатар ұстаз өзінің барлық шәкірттерінен тұлпар жасауға тырыспау керек. Ол мүмкін емес. Талант, жауапкершілік, білімге құштарлық, еңбекке талпыныс бірдей емес. Сол себепті баланың мүмкіндігін ескергені дұрыс.

2. Сөз арасында жоғарыдағы мақалды пайдаланып, әңгімелесіңіздер.

89. Талапты ерге нұр жауар.

1. Халық даналығы осылай дейді. Талапты ерге нұр жауар. Сіз қалай ойлайсыз?

2. Топтық әңгіме құрыңыздар. Осы мақал төңірегінде әңгіме өрбітіңіздер.

90. Анана ауыр сөз айтпа, Атыңа ауыр жүк артпа.

1. Ана туралы өзіңіздің толғанысыңызды, сезіміңізді жазып көріңіз. Мүмкін мақалдың сізге керегі болып қалар?

2. Ана туралы даналық сөздерді дәптеріңізге жазып жаттап алыңыз. Ана туралы кім көп мақал-мәтел біледі екен?

91. Өсер жастың алдын кеспе, Өсер ағаштың басын кеспе.

* «Алдын кеспе» деген талантты, болашағы бар адамға кедергі келтірме, әдейлеп жамандық жасама деп тұр. Жамандық жасап, жастарды өсірмейтін адам, ол бір адамға ғана емес, Отанға жамандық жасағаны. Елге жақсылықты ер жасайды емес пе?

* Сондай жандарға сіздің көзқарасыңыз қандай?

92. Біреуді жамандаған, сені де жамандайды.

* Бұл мақал – қарапайым халық даналығы. Біреулерді саған жамандап отырған адам дәл осылай сені де басқа біреуге жамандайды. Оған күмәнің болмасын. Жалпы біреулерді жамандау – жақсы емес.

* Адамға жараспайтын мінездерге сіз нелерді жатқыасыз?

**93. Жаман атқа жал бітсе,
Жанына тоқым байлатпас,
Жаман адамға мал бітсе,
Қасына қоңсы қондырмас.**

Жал біту – семіру дегенді білдіреді. Қоңсы – көрші.

Осы мақалдың мәнін ашу үшін әңгіме құраңыз.

Жағдаяттық әңгіме жасап, мақалды пайдаланыңыз.

**94. Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайын.**

* Туған жерге деген перзенттік парызды адам әкім болса да, қарапайым жұмыскер болса да өтеу керек. Қарабасының ғана қамын ойлап, елге жаны ашымаса, ол адам адал перзент болмайды.

**95. Жабайы шөп егіннің жауы,
Еріншектік ердің жауы.**

* Еріншектік күллі өнердің жауы деген екен Абай дана. Сол сізге сіз келісесіз бе? Еріншектің бай болғанын өмірде кездестірдіңіз бе?

* Еріншектікті жеңуге бола ма? Пікірсайыс ұймдастырыңыз.

**96. Қой асығы деменіз,
Қолыңа жақса, сақа тұт.
Жасы кіші деменіз,
Ақылы асса, аға тұт.**

* Халық даналығы осы сөз арқылы ақылды адамды жасына, жасамысына қарамай сыйла деп тұрған жоқ па? Ақылды адамда қандай сапалар болады?

**97. Хан қасында уәзір білгіш болса,
Қара жерден кеме жүргізер.**

1. Қара жерден кеме жүрмейді емес пе? Сонда мақалдың меңзегшені не?

2. Мақалды қолданып, жағдаяттық әңгіме жасаңыздар.

**98. Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.**

*Ынтымақ, береке, бірлік туралы айтылған осы мақалдың адам баласына үйретері өте көп. Осындағы алты, төрт сан есімдері шартты түрде,

ұйқас, сөз үндестігі үшін алынғанын байқайық. Алты адам бір бірімен достық пейілде болмасаңдар, қолдағыдан айырылып қаласыңдар, ал бірлігің болса, төбедегі (алыстағы деген мағына) қолға түседі дегенді білдіреді.

* Мақалдан қандай тағылым аламыз?

99. Бидайдың кеудесін көтергені –

Дақылының жоқтығы.

Жігіттің кеудесін көтергені –

Ақылының жоқтығы.

*Кеудесін көтеріп, жұрттан өзін биік ұстау– жарасымсыз қасиет. Бірақ біз өмірде сондай жандарды жиі ұшырастырамыз. Ондай адамға сөз айтқанмен, түсінбес. Өз-өзіңізді басыңыз, айтылған осы мақал сізге ой салуы керек.

* Мақалды мәнерлеп, нақышына келтіре айта біліңіз. Мағынасын түсіндіріңіз.

2. Өзге біреуге нақты мысал келтіріп, мақалдың мән мағынасын ашатындай әңгіме құраңыз.

100. Сабыр – күн түсірмейтін сая,

Асығыс – аунатып кететін мая.

«Сабыр түбі – сары алтын» деген де өз бар. Сабыр Аллаһтың 99 есімінің бірі екен. Құранда да осы сөз көптеп кездеседі. Асығысып жүретін, тез арада нәтижесін көргісі келіп, айналасына ыңғайсыздық күй түсіретін адамға осы мақалды айтсаңыз, сөзге құлақ асар.

* Сөздердің мәнін анықтаңыз. Сая деген не? Мая деген не?

* Сабырлылық қандай қасиет? Сабыр туралы қандай ұлағатты сөз, өнегелі әңгіме білесіз? Біздерге айтып беріңіз.

Мақал сөзді қажетіңе жарат, ұрпағыңа тарат

Тұлпарды алтын тағамен тағаласа,
Есек те емексіп аяғын көтеріпті.

Өсер елдің баласы қозысын күтіп қой қылар,
өспес елдің баласы қозысын сойып той қылар.

Жолдасыңның жоғын қарас,
Табылса жоғына жақсы,
Табылмаса көңіліне жақсы.

Дос жылатып айтар,
Дұшпан күлдіріп айтар.

Екі жасты қосқанның – сауабы бар,
Дос арасын ашқанның – обалы бар.

Жартыны жарып жеген – татулықтың белгісі.

Көңіл – сөздің сандығы.

Ақпейілдің аты арымайды, тоны тозбайды.

Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.

Жығылып жатып, сүрінгенге күлме.

Ақымақтың үлкен-кішісі болмайды.

Ақылы жоқтың – арманы жоқ.

Ашулының алдында тұрма.

Пейілі жаманға пәле жолығады.

Басында миы жоқтың,
Аяғында тыным болмас.

Өзінің түйедей мінін көрмей,
Өзгенің түймедей мінін көрер.
Азды алмаған – көптен құр қалар.

Шын жомарт – жоқтығын білдірмес.

Кең болсаң, кем болмайсың.

Ақылдының алдымен жүр,
Ақымақтың артымен жүр.

Арлы арына қараса,
Арсыз жеңдім дейді.

Жамандық – жақын,
Жақсылық – алыс.

Сыйласаң, сый көресің

Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас.

Судың түбін шым бекітер,
Даудың түбін қыз бекітер.

Ит дегенге ашуланған,
Күшік дегенге күлген.

Мал шөпке, адам сөзге тоқтайды.

Дария жанынан құдық қазба.

Бүлінгеннен бүлдіргі алма.

Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл.

Судың жолын – құм бөгер,
Ердің жолын – сұм бөгер.

Ақыл жас ұланнан,
Жүйрік тай құнаннан.

Келіні жақсы үйдің – керегесі алтын.

Жарлы болатын жігіт байталын атқа айырбастайды.
Жалғыз болатын жігіт ағайынын жатқа айырбастайды.

Жолдан адасқан – ауылын таппас,
Елден адасқан – бауырын таппас.

Балалығыңды сағынсаң – нағашыңа бар,
Жігіттіңді сағынсаң – қайныңа бар.

Өзім деген өзекке теппес.

Ағайынды іске шақырма, асқа шақыр.

Атасы басқаны бата қосады,
Үйірі басқаны нөқта қосады.

Жеңім жаман болса да – жағам жақсы,
Өзім жаман болсам да – ағам жақсы.

Тентегін тыйған – ел берекелді,
Жаңбыр жауған жер берекелді.

Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз жігіт би болмас.

Жыласуға көз жақсы,
Сыйласуға жат жақсы.

Жақыныңды жаттай сыйла,
Жат жаныңнан түңілсін.

Көргенсіз кісі көңілге қарамайды.

Ата – баланың қорғаны.

Адам сөйлескенше,
Жылқы кісінескенше.

Арық деген жаман тай,
Жазға шығып ат болар.

Жамандығың сезілсе,
Жақындарың жат болар.
Айға жетпес асыңды ауылдастан аяма.

Көңілдегі сырды көз білдірер.

Інісі бардың – тынысы бар,
Ағасы бардың – жағасы бар.
Ине өткен жерден – жіп өтер.

Қазаны басқаның – қайғысы басқа.

Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.

Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы.

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

Бас екеу болмай –
Мал екеу болмас.

Ата – балаға сыншы.

Қайғысыз қара суға семіреді.

Ұлдың ұяты – әкеге,
Қыздың ұяты – шешеге.

Ата даңқымен қыз өтер,
Мата даңқымен бөз өтер.

Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

Отызында орда бұзбасаң,
Қырқында қыр аспайсың.

Жігіт жолдасынан белгілі,
Сарбаз қолбасынан белгілі.

Туғаныңды көрмеген,

Өлгенінде жыламайды.

Көргенсізбен құрдас болма,
Опасызбен сырлас болма.

Айтқызған – жаманның ісі,
Қамышлатқан – шабанның ісі.

Өзім білем деген өрге баспас.

Кең болсаң – кем болмассың.

Келгеніне сүйінбеген,
Кеткеніне күйінбейді.

Малым – жанымның садағасы,
Жаным – арымның садағасы.

Жүре берсең – көре бересің.
Көре берсең – көне бересің.

Артық олжа – басқа еңбек.

Кішіпейілділік – кісінің көркі.

Ақылсыз сұрақ беріп,
Ақылды жауап күтпе.

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Бауыры бүтін пенде жоқ.

Еттің бәрі – қазы болмас,
Иттің бәрі – тазы болмас.

Аулыңда қарияң болса,
жазып қойған хаттайын.
Алған жарың жақсы болса,
ерттеп қойған аттайын.

Жаман істен ғана емес,
жаман сөзден де сақтан.

Жақсы алдында – жазыласың,
Жаман алдында – тарыласың.

Жақсы кісі жығылса,
Жаман тұрып табалар.

Жігітті жолдасынан таниды.

Көйлек кірі жуса кетер,
Көңіл кірі айтса кетер.

Көрінгеннің алыстығы жоқ,
Көтергеннің ауырлығы жоқ.

Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар.

Таудың басын көр де – түбіне барма,
Жақсының өзін көр де – үйіне барма.

Жақсыдан – шарапат,
Жаманнан – кесепат.

Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,
Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.

Көргенді кісі – көргенін айтар,
Көргенсіз кісі – бергенін айтар.

Жақсы дос пайдасын тигізбесе де, зиянын тигізбейді.
Жаман дос алдыңды орап жүргізбейді.

Жастыққа да кәрілік бар,
Байлыққа да жарлылық бар.

Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас.

Жақсылық іс қайда болса,
Жақсы атақ та сонда.

Ойлай білсең – ана боларсың,
Ойнай берсең – бала боларсың.

Бос өткізу өмірді – ақымаққа көңілді.

Көрінген таудың алыстығы жоқ.

Естіге екі сөз де жетеді.

Адам аласынан сөз аласы жаман

Ұшқан құстың жолы жоқ,

Өтірік сөздің түбі жоқ.

Адам тілі - тас жарар,

Тас жармаса, бас жарар.

Құр судан май шықпайды,

Құр сөзден мән шықпайды.

Өтірік – қаңбақ, шын – салмақ.

Жақсы байқап сөйлер,

Жаман шайқап сөйлер.

Көп білетін аз сөйлейді

Баланың тентек болатыны – үйінен,

Ердің тентек болатыны биінен.

Әке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер.

Мал иесіне тартады,

Сөз жүйесіне тартады.

Ұстазы бейілді болса,

Шәкірті зейінді болады.

Қуды қу табады,

Шұқанақты су табады.

Шын – бір сөз,

Өтірік – мың сөз.

Ақылды адам ақымақтан да бірдене үйренеді.

Алыста жүрсе кісінескен, жақында жүрсе тістескен.

Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі,

Жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледі.

Жаман өле жейді,

Жақсы бөле жейді.

Ауыл итінің достығы сүйек тастағанша.

Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар.

Адамның істегенін адам істейді.

Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат.

Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тасысын,
Жаманның жамандығын бетіне айт құты қашсын.

Еккенде келісіп алса, жинағанда жанжал тумайды.

Су – шөлде нәр, селде – зәр.

Халық айтса, қалт айтпиды.

Бас аманда мал тәтті,
Тән ауырса жан тәтті.

Жаны бөлектің көрі бөлек.

Қойшы көп болса, қой арам өледі.

Ер кезегі үшке дейін.

Уақыт – емші.

Қыс азығын жаз ойла.

Ертең де күн бар.

Көп қорқытады, терең батырады.

Өткен іске өкінбе.

Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамады.

Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.

Дені саудың – жаны сау.

Темірді қызған кезде соқ.

Аюға намаз үйреткен – таяқ.
Кімді айтсаң, сол келер.

Алмақтың да салмағы бар.

Асықпаған арбамен қоян алар.

Аузы күйген үріп ішер.

Көзден кеткен көңілден кетеді.

Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер.

Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін.

Бесіктегі бала бес түлейді.

Жалқаудың жанына барсаң – сылтаудың астында қаларсың.

Өз балаң өзекке тепсең де кетпейді,
Кісі баласы кісендесе де тұрмайды.

Байлық – мұрат емес,
Кедейлік – ұят емес.

Бай болып көргеміз жоқ, кедей болып өлгеміз жоқ.

Ерінбеген етікші болады,
Ұялмаған әнші болады.

Көш жүре түзеледі.

Жұмысты кейінге қалдыру – уақытты ұрыға алдыру.

Уәде – Құдай төрі.

Жақсы жаныңа жолдас,
Жаман малыңа жолдас.

Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын.

Теңге – тиыннан, ынтымақ – ұйымнан.

Шешінген судан тайынбас.

Жақсы сөз – жарым ырыс.
Жығылып жатып сүрінгенге күлме.

Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тарыпты.

Еңкейгенге еңкей, ол – атаңның құлы емес,
Шалқайғанға шалқай, ол – Құдайдың ұлы емес.

Бала тілі – бал.

Жалғздың үні шықпас,
Жаяудың шаңы шықпас.

Жаман арба жол бұзар, жаман адам ел бұзар.

Бір тойда екі жар жоқ.

Кәрілік – көзді ашып-жұмғанша.

Батыл болмай, батыр болмас.

Екпей – егін шықпас,
Үйренбей – білім жұқпас.

Еш жаңалықтың жоқтығы – жақсы жаңалық.

Шығын шықпай, кіріс кірмейді.

Тәуекел түбі – жел қайық,

Өтесің де кетесің.

Уайым түбі – тұңғиық,

Батасың да кетесің.

Түпкі айылдың батқанын

Иесі емес, ат білер.

Ер жігіттің қадірін –

Ағайын емес, жат білер.

Адаспайтын тұяқ жоқ.

Ат баспаймын деген жерін үш басады,
жігіт бармаймын деген жеріне үш барады.

Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені.

Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады.

Білгенің – бір тоғыз, білмейтінің – тоқсан тоғыз.

Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп.

Жақсы – Ай мен Күндей, әлемге бірдей.

Жаяулық та мәңгі емес,
Жарлылық та мәңгі емес,
Жалғыздық та мәңгі емес.

Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың.

Кісідегінің кілті аспанда.

Қалған көңіл – шыққан жан.

Қас екеніңді қабағыңнан танымын,
сараң екеніңді табағыңнан танымын.

Қасқырдан қайрат кетсе ешкіні «апа», текені «жезде» дейді.

Қате баспайтын қадам болмайды.

Үйлену оңай, үй болу қиын.

Үндемеген үйдей бәледен құтылады.

Шындық жоқ жерде сұмдық көп.

Шақырылмаған қонақ сыпырылмаған жерге отырады.

Шошқаға ерген балшыққа аунап.

Түймені ұрлаған, түйені де ұрлайды.

Таңғы нәсіп Тәңірден.

Танитын жерде өң сыйлы, танымайтын жерде тон сыйлы.

Су ішкен құдығыңа түкірме.

Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді.

Сара жолдың қадірін адасқанда білерсің,
қарындастың қадірін қарасқанда білерсің.

Сақтықта қорлық жоқ,
Сәлемде зорлық жоқ.

Өмірдің өзі – ұлы ұстаз.

Өмір үйретеді, үйренбесең күйретеді.

Орындалмаған аманат – ерге тағылған жаман ат.

Отанға опасыздық еткенің – өз түбіңе жеткенің.

Өзін бағындыра алмаған – өзгені де бағындыра алмайды.

Ойнап айтсаң да, ойлап айт.

Маскүнем – өзіне-өзі қаскүнем.

Құдай, мені достарымнан сақта, қастарымнан өзім де сақтанамын.

Игіліктің ерте-кеші жоқ.

Заманына қарай амалы.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Жоқтық таластырады, барлық жарастырады.

Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей.

Жас бала құстың көлеңкесіне тоңады.

Еңбекпен тапқан нан тәтті.

Дұшпаныңды кешірсең кешір, бірақ сеніміңнің отын өшір.

Дос базарда сатылмайды.

Досыңа атыңды берме, берсең, ақырын жүр деме.

Бір биеден ала да туады, құла да туады.

Әркім – сыйласқанның құлы.

Барымен – базар, жоқты қайдан қазар.

Бұлт артында Күн бар.

Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

Аспандағы сұңқардан, қолымдағы тұрымтай жақсы.

Ас қадірін тоқ білмес, ат қадірін жоқ білмес.

«Айдай салдың» малы өспейді, «көре салдың» қой өспейді.

Аспанға карап оқ атпа, өзіңе келеді.

Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қомпитар.

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Шам жарығы табағына түспейді.

Ынта болса адамда,

Қиын іс жоқ ғаламда.

Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме.

Ұлылардан қалған асыл сөз

Анақарыстың сөздері:

*Адам жүйкесін орнына келтіру үшін, жауапты бір іс алдында өзінің көңіл күйін көтеру керек. Күрделі де тынымсыз еңбек ету үшін демалыс керек.

*Базар – адамдардың бірін бірі алдап-арбап, ұрлауы үшін жаратылған.

*Сансыз көп сапсыз достардан, жалғыз адал достың болғаны жақсы.

*Қайықтағы балықшылар өлімнен төрт елі қашықтықта. Кім көп? Қайықтағы балықшыларды кім деп санауға болады?

*Қызғаныш пен қорқыныш адамның ең жаман қасиеттері. Қызғаныш адамға достары мен таныстарының кірісін сынатқызса, қорқыныш адамды үмітсіздікке жетелейді.

*Ақыл мені Элладада сақтап еді, көреалмаушылық мені өз отанымда өлтірді.

Тұмар (Томирис) патшайымның сөзі:

Басқа елдің қажеті жоқ, бірақ көгілдір күмбезді аспаны бар, бетегелі боз даламызды біз ешкімге бермейміз.

Күлтегін ескерткішіндегі сөздер:

- * Жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым.
- * Інілі-ағалының дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айырылды.
- * Үстінен тәңірі баспаса, астынан жер жарылмаса, түркі халқының ел-жұртын кім құртады?!
- * Елін елдікті етті, жауын бейбіт етті,
Бастыны бағындырды, тізеліні бүктірді.
- * Адам баласы бәрі өлгелі туған.

Қорқыттың нақыл сөздері:

- *Қар қанша қалың жауғанмен жазға бармас,
Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас.
- *Тозған мақта бөз болмас,
Ежелгі жау ел болмас.
- *Анадан өнеге көрмеген қыз жаман,
Атадан тағлым алмаған ұл жаман.
- *Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық.
- *Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.

Жүсіп Баласағұн сөздері:

- * Қадірлі кісі қартаймас.
- * Құр атақ қуған ер өзінің түбіне жетеді.
- * Ізгілікпен атыңды мәңгілік қыл.
- * Маңайлама ар-ұяттан безгене,
Мыңдап алғыс инабатты сезгенге.
- * Адам өз атын кісілікпен көтереді.
- * Нағыз адамның белгісі – кісілік.
- * Ақыл көркі – тіл,
Тілдің көркі – сөз.
Адам көркі – жүз,
Жүздің көркі – көз.
- * Құлықсыз адам қадірлі адамның құнын түсіреді.
- * Жас кезінде білім берсең қалайда,
Өсе келе қолы жетер талайға.
- * Аз ғана игі іске көп рақмет айт.
- * Қолдаушың көп болса мақтауға сөз табылады.
- * Қара халық қызмет етсе, бектер биіктеп кетеді.

- * Халық тарықса үкімет жұтайды.
- * Адам бойындағы ең тамаша нәрсе – білім мен ақыл.
- * Ақылдыны білім ұстамды қылады.
- * Қанша ұлы болсаң да «бәрін білем» деп ойлама.

Білімді –аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,
Надандардың аңсағыны дау болды.

Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын.

Білікті бір ойдан, мұннан арылмас,
Біліксіз құр ыржақтаудан жаңылмас.

Ғылым, дана болмағанда жаһанда,
Жерде игілік өнбес еді қашанда.

Тұз-дәм татыр, сөзден қуырдақ қуырма,
Қадірле де көтер сыйлы тұғырға.

Білгің келсе сені сүйер сүймесін,
Сұра қимас, өзі сүйген дүниесін.
Осы екеуін ұқса түймей қабағын,
Ондай жанды жан жолдас деп санағын.

Малды адам тілесе жақсы тілек,
Көкке өрлер, ал малы болар тірек.

Мың іс бастап тастағанша бітірмей,
Бір-ақ іске пейілді бұр бүтіндей.

Дүниенің бар қызығы ақылда,
Ақыл болса ардақталар атың да.

Дәулет бітсе мекерленіп, таспағын,
Жақсылық қыл, жамандыққа баспағын.

Ақыл –шырақ, қара түнді ашатын,
Білім –жарық, нұрын саған шашатын.

Тілесен сен есендікте жүруді,
Жаман сөзге қимылдатпа тілінді.

Сөз, өсиет – мұра өліден тіріге,
Мирас тұтса, пайда өзіне, діліне.

Тілмен адам өң береді сөзіне,
Жақсы сөзбен нұр береді өңіне.

Сөз сұраса – айтқын сөздің шындығын,
Жарлық берсе – қаз-қалпында тындырғын.

Ішпе ішімдік, жүрме бекер, тасыма,
Қаш, жолама жарамсыз іс қасына.

Лауазымға жақындатсаң наданды,
Бүлдірер де, бегіне ашар араны.

Келістіріп айтыпты әкім ақылды:
«Тексіз жанға берме ісің мен асыңды!»

Тексіз жанды дәрежелеп, сенбегін.

Ақылсыздар білім сорын қайнатар,
Білімсіздер халықты кеп жайратар.

Білімсізді биіктетсе, өзі егер,
Бек жазықты, бекке күдік көбейер.

Ұлықтыққа жетсе егер надандар,
Иесінің басын жұтар, қараңдар.

Бектер қанша жақын тұтсын, құнықпа,
Түзу жүргін, өзіңді әсте ұмытпа.

Ашу қысқан бекке жақын бармағын,
Бардың екен – бір бөлеге қалғаның.

Сұраса – айт, шақырса - кір барып,
Сау- саламат, қадірлесіп тұр бағып.

Сөз көп. Білсең – таза естімей қоя сал,
Көзің көрсе, көрмегенге сая сал.

Үш нәрседен алыс жүр, сақ, байқағын,
Бірі – қатты, қырсық болма, айтарым.

Бірі - жалған, сұғанақтық – үшінші,
Үшеуінің түбі қорлық, түсінші.

Кісі сөгіп, ұсақ сөзге берілме,
Тура сөйле, сөзді терме, тегінде!

Адал болғын, біл, адалдық – киелі,
Бектер – адал, адалдықты сүйеді!

Отырғанда өз орныңды білгейсің,
Кішік болып, жұртты көзге ілгейсің.

Жөткірінбе, қақырынып, түкірме,
Надандық бұл, қадіріңді түсірме.

Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса,
Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса.

Түзу сөйле, жүзің жарық болады,
Ізгілікке ашылсын сөз орамы.

Ұста өзіңді, ішіп кірме сарайға,
Мастық – настық, қор боласың қалайда.

Егер өзің төрде отырсаң жайланып,
Кісі кірсе, тұр ізетке сайланып.

Тоқ болсаң да, бектің асын қайтарма,
Бектің асы – ізет басы, найқалма.

Не істесең де пейіліңді қасыңа ал,
Жаныңды сал, сонда көзің ашылар.

Егер бектік тисе, өсіп беделің,
Білікпенен ісінді атқар, ей, ерім!

Уәзірлік тисе, қолың ұзарып,
Саясатты түзу, таза жүр алып.

Кеңесшілік тисе, кеңес ақыл тос,
Жаңылса бек, жол көрсетіп, ақыл қос.

Әскер басы әрі ел басы... білерсіз –
Көз-құлақты бағып, тура жүрерсіз.

Қазынаға қазынашы қылып жіберсе,
Тура, шыншыл жүріп, оны үнемде.

Хатшылыққа алса, сақ бол бұдан да,
Құпия, сырды сақтап, сөзді шығарма!

Тілесен сен дәйім құрмет өзіңе,
Құрметте елді, қара кісі көңіліне.

Ұлықтарды ұлы көріп, қадірле,
Ұлы берер бақыт, ырыс, бәрін де.

Не депті қарт, көпті көрген басы бар,
Қария сөзін естісең – көз ашылар.

Жаһан заңы – құрмет тұту үлкенге,
Үлкен келсе, тік тұрып күт, іркілме!

Бектер сені жақын тұтса қаншалық,
Қызметшілермен жақындау бол соншалық!

Білмей жатып ерді өзіңе жау қылма,
Шаттық болмас, жауы бардың алдында.

Дұшпанның аз болса да, бар залалы,
Дұшпан әркез дұшпан болып қалады.

Құрбы – досты туысқандай елегін,
Тең-тұстасың, қатарың һәм сенерің.

Ес көрме, аулақ жүр ессіздің маңынан,
Ессіз доспен адам жолдан жаңылар.

Қалам десең сақтап ізгі атыңды,
Жаманнан без, бол жинақы, қатулы.

Достассаңдар Тәңірді алып ортаға,
Жүгін бөліс, ашуланба, шаршама.

Өсекшіге араласпа жақындап,
Өсекшінің өртер тілі лапылдап.
Әлем содан бүлінер һәм ашынар,
Мәртебелім, ғайбатшының басын ал.

Дүниеқоңыз шетін көрсе пайданың,
Сенен кетпес «шеше», «әке» деп, айналып.

Дос, туыс сол қуанышта қуанар,
Қайғы келсе, қасыңда боп уатар.

Сүйсін десең көп достарың өзінді,
Тұз-нан ұсын, жарқын ұста жүзінді.

Ісінді атқар, көбейтпе жау-қасыңды,
Жаулық қуып дауға салма басыңды.

Білімді адам ізгі білім беріпті,
Білікті ұқса, ғұмырына серікті.

Әй, жақсы ер, қосылма сен жаманға,
Айналарсың құлқы жаман адамға.

Жақындаспа жауыздарға, ей, сара,
Атың кірлеп, дақ қалдырар бейшара...

Жақын жүрме пенделерге жарамсыз,
Жағадан ап, жетер саған, нанарсыз.

Талай көрдім ізгі, атақты жандарды,
Жамандармен жаманатқа қалғанды.

Жақсылық қыл, шамаң келсе баршаға,
Шүбәланба, қайтар қырым қаншама.

Кімге шаттық келсе, бірге қуан сен,
Кімге қайғы төнсе, бірге жұбан сен.

Жау көбейтпе, аш қабақты, уысты,
Көбейт, жина қаншама дос, туысты.

Дос жау болса, қас қылады жаныңа,
Көзін тігер жиған, терген малыңа.

Десең өзін қадір-құрмет табайын,
Кісілерді қадірлей біл, ағайын.

Білгің келсе кісі әсілін анықтап,
Көңіл, қылық, тіл – бұл істі танытпақ.

Ызақормен жақын болма, асылы,
Достық қақын бұзар қысса ашуы.

Көңіл сырын аша берме тектен-тек,
Ашсаң егер, шегерсің сен тек бейнет.

Қайда дәулет бас көтерсе, ей ізгі ер,
Болысқын сен қолдап оны пейілмен.

Шақпа жұртты, сөз болмасын ермегің,
Кек сақтама, ұсақ сөзді термегін.

Ұлығыңды қадірле де, құрмет тұт,
Ұлықтық та келер саған қонып құт.

Күллі ізгіге арна ізгілік жолыңды,
Жамандыққа жамандық қыл, орынды.

Тілді қысқарт өз бегіңе келгенде,
Қисық-қыңыр айтпа жауап бергенде.

Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас,
Көп сөйлегн сөзде қадір қалар аз.

Білімсізді жіберме тым жақынға,
Қылмағанды қылар жүріп қасыңда.
Дана кісі жақсы айтыпты бұдан да,
Біліммен кел әр іске қол ұрарда.

Тірлік емес, ізгі ат тіле – тілесен,
Ізгі атың – тірлігің ол, білесің!

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма.

Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.

Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,
Қос жалғанды нәсіп көріп, күлімдер.

Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,
Ол өнермен дүние табар түбінде.

Ұлынды бақ, бекерге бос жүрмесін,
Бейбастық боп кетер бекер жүргесін.

Қызынды үйде бексіз ұзақ ұстама,
Ауырмай-ақ өлерсің сен құсадан.

Үлкен жолға жақын салма үйіңді,
Қатер-қауіп кетіреді күйіңді.

Үй іздесең көрші жайын сынарсың,
Жер іздесең – судың жайын сұрарсың.

Қайғы келмес – сөзді ойлап сөйлесең,
Өкінбессің күнді зая бермесең.

Асқақтама – бір тосқауыл табарсың,
Сараң болма сөгіс алып қаларсың.

Кісілікке кісілік еткен – ер кісі.

Пайдалы ер – кісілердің данасы,
Қайырымды ер – ол елінің сарасы.

Тілектесе – жақын болар алысың,
Жүз көріссе – жаныңды ұғар танысың!

Күн еңкейіп басын жерге тигізді,
Жарық жалған жүзін түнге сүйгізді.

Қай сөз лайық тұндыр нәрін тіліңе,
Қай іс қажет тындыр бәрін тіріде.

Алтын-күміс көріп өскен жасынан,
Аулақ жүрер сұғанақтық насынан.

Шыншыл болсын: көңіл, тілің, қылығың,
Дүние, дәулет келер, берер шырынын.

Сенімді адам үмітіңді ақтайды,
Бек ырысын тасытады, баптайды.

Дана ойы жолыңды ашып дұрыстар,
Ақылды сөз астарында ырыс бар.

Екі нәрсе даңқты өсірер тегінде

Есікте – Ту, тартылған ас төрінде.

Жаны ашымас қандастан без алысқа,
Жәйінді ұғар сен адал дос, танысқа.

Берекесіз туыстан без, тозарсың,
Жаны таза досыңды сүй, озарсың.

Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Сөз қалады, таяқ табы кетеді.

Бір ауыз сөз елдің атын өсірер,
Бір ауыз сөз ердің атын өшірер.

Бектер қанша білімді болғанымен,
Сөзін жазар жан керек толғауымен.

Жақсы сөз тас бұлақтай нұр береді,
Қайда ақса, жер жайнап гүлденеді.

Сөз бен жазу жарасса табындырар,
Кереметтей хат тілі бағындырар.

Қалдырмаса даналар хатқа жазып,
Кім айырар өткенді ақ, қара ғып?

Ақылдыдан адамшылық қалады,
Біліктілер – адамдардың адамы.

Ақылды-есті – кісілердің кісісі,
Білімділер – кісілердің кішісі.

Білім керек, ақыл керек кісіге,
Ақыл бастар адамшылық ісіне.
Екі күндік қонақтыққа тарылма,
Зорықпа өзің, күймесін құр жаның да.

Егер ізгі болса бектер қылығы,
Күллі жұртқа тиер мейір, жылуы.

Сый берерде –тез бер, созып қашыртпа,
Жазаларда таяқтауға асықпа.

Бір күншілік рақатқа малданба,
О дүние жәннатын бақ, арманда...

Өтер жалған, ештеңе жоқ көшпейтін,
Жақсылық қыл, өзің кетсең өшпейтін.

Қалар дүние, туған өлер ақыры,
Жақсы-жаман атың қалар ақыры.

Жаманнан қаш, күйіндірер, күйгізер,
Ізгі атың – ізгі атыңды білгізер.

Барша елге бауырмал бол, қарасып,
Жанға жаулық қылма, жолдан адасып.

Қожа Ахмет Йассауи сөздері:

- * Наданнан тозағың да тұра қашар
- * Ұят жоқ сұм – сұрқия, нас адамда,
Жазықты болдық тегіс жасағанға.
- * Азғынға ақиқаттың керегі жоқ.

Әл-Фарабидің сөздері:

- * Шындығы бар жерді мекен ет.
- * Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайды.
- * Қандай болмасын өнердің теориясын меңгеру дегеніміз – бұл өнер мәселелерін ақылмен білу және тану қабілеттілігін меңгеру болып табылады.
- * Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.
- * Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені.
- * Адам өзінің барлық әрекетінде тамаша әрекетті қалайтын болса және өмір бойында осылай ететін болса, сонда ғана ол бақытқа жетеді.

Сайф Сарайидың сөздері

- * Таза өнердің иесі жомарт келеді.
- * Азға қанағат қылғанды барлық жерде сыйлайды.
- * Қайда нағыз өнер иесі болса, күншіл соны күндейді.
- * Гүл тікенмен бірге өседі, қуаныш қайғымен бірге жүреді.
- * Дос зынданда жатқанда керек, дастарқан үстінде дұшпан да дос...
- * Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос, жайшылықта «доспын» деген жай сөз...
- * Дұшпанның көзі жаманнан басқаны көрмейді.
- * Іші күйген дұшпан не болса, соны айтады.

- * Бүлікке бастар шындықтан саликалы өтірік артық...
- * Әділ жол мақсатқа жеткізеді...
- * Теріс айтпас кісіге бәрі сенім артады,
- * Аты шыққан суайтқа қалай ішің тартады....
- * Керекті жерінде ғана сөйлеген мақұл,
- * Орынсыз жерде сөйлемеген мақұл...
- * Білмеген нәрсеңді сұрап алуды ар көрме, адам сұрап білмесе, ешнәрсе үйренбейді.
- * Білім – иесінің дәулеті: білімді қайда барса да алдына алтын тартылады.

Абай сөздері

- * Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
- * Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
- * Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
- * Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.
- * Ер артық сұраса да, азға разы болады; ез аз сұрар, артылтып берсең разы болмас.
- * Егер ісім өнсін десең, ретін тап.
- * Жаман дос – көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың...
- * Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
- * Аллатағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.
- * ...Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?
- * Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білсін.
- * Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы иттігіңді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты.
- * Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмағанда айында бір өзіңнен өзің есеп ал!

Кемал Ататүріктің сөзі:

«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-

әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын білгеніміз дұрыс», - деген. Сенің сөзіңнен де мен осыны байқадым.

Бауыржан Момышұлының сөздері:

- *...Егер адамды жауынгерлік қасиетке тәрбиелемесе – онда бұл халық жауынгер халық болмағаны.
- *Азаматқа өмірден де ар қымбат, өлімнен ұят күшті.
- *Алғырлық ойдың ішкі мазмұнын нұрландырып тұрады.
- *Барлық халық барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті.
- *Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық белгісі.
Рухани күштің негізгі қайнары мен қозғаушысы: ақыл, сезім, ерік-жігер.
- *Тәуекелсіз – жеңіс жоқ.
- *Ұлттық рух пен ұлтшылдықтың ара жігін ажырата білген жөн.
- *Көңтерілікке, көнбістікке, бас июшілікке тәрбиелеу – бұл шын мәнінде, адамды моральдық жағынан толық езіп-жаншу деген сөз.
- *Көңтерілілік, көнбістік – асқақ адамның сергек ойына тұсау.
- *Адам бойындағы адамгершілік сезімді аяққа баспай, қорламай құрметтей білген жөн.